

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

Вестник ТТОИСК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ



БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНДАҒЫ КҮЛКІ ПОЭТИКАСЫ

Қазақ прозасында балаларға арналған кітаптардағы көркемдік әдіс, көркемдік жүйедегі сатира мен юмор поэтикасына маңызды орын беріледі. Себебі “смех не только глубоко задевает чувство человека, но и формирует, воспитывает его” - деп [1] әдебиет зерттеушісі Ю.Борев айтқандай, күлкімен өшкерелеудің тиімділігі де ескерілді.

Біз бұл арада сатира мен юмор поэтикасының көп қырлы қасиеттерінің барлығына тоқталмай, оның бір ғана жағын күлкі өнерінің жазушы шығармашылығында көрінуін, кіші, орта және жоғары мектеп жасындағы балаларға күрделі кезеңнің әлеуметтік-этикалық мәселелерін ұғындырып, жеткізуді мақсат еттік. Бұндай әдіс аналитикалық оқып-үйренуден синтезге алып келетіні өзінен-өзі түсінікті.

Сюжет жаңалығы, қайшылықты жағдайлардың ерекше өткірлігі, күлкі әдістерінің көп қырлылығы, ауыз әдебиеті нұсқаларын терең шығармашылықпен меңгеру, жазу мәнерінің ешкімге ұқсамайтыны, міне, бұлар юмор поэтикасының бүгінгі ерекшеліктері. Бұл ерекшеліктердің дамуы екі ракурста көрінеді: біріншісі, Ұлы Отан соғысы кезіндегі және одан кейінгі жылдардағы тұрмыс-тіршілікті қамтитын шығармалар, екіншісі, кемелденген социализм және тоқырау кезіндегі ауыл балаларының тыныс-тіршілігін қамтитын әңгімелер мен повестерде.

Белгілі жазушы Б.Соқпақбаев “Менің атым Қожа”, “Балалық шаққа саяхат” сияқты әйгілі повестерінде Отан соғысының соңғы жылдары мен одан кейінгі кезеңдегі ауыл мектептерінің өмірін, ауыл балаларының тыныс-тіршілігін әрі нанымды, әрі көркем суреттейді. Жазушы шеберлігінің бір парасы осы қиын кез, таршылық заман суреттерін тек қара бояудың ғана емес, юморлық бояудың молдығымен ерекшеленуінде дер едік. Насихаттық тенденция үстемдігі жалықтыра бастаған шақта бойындағы табиғи болмыс бітімімен, жағымды-жағымсыз қылықтарымен, өзіндік қарама-қайшылықтарымен аренаға шыға келген Қожаны көргенде әдебиетшілер мен оқырман қауым біршама уақыт тосылып қалған. Қожаны балаларға қалай үлгі етеміз? Осының өзі жағымды кейіпкер ме? Бұл бейнені қалай талдап, қалай түсіндіреміз? Талғамы өсе түскен, белгілі даярлығы бар классиканың үлгісімен тәрбиеленген жас оқырмандар Қожаны жатырқай қоймайды. Мұны жаңа уақыттың, өскелең өмірдің даму жолына көшкен әдебиеттің диалектикасы деп ұғамыз.

Қаламгер әлем әдебиетінің жақсы үлгілерін үйрене келе, өз басынан кешкендерді екшелей пайдаланып, характерді мағынаға сай дамытып, өзінше шешім беріп тың бейне сомдады. Осы повесть жайында сөз еткенде, біз әдетте әуелі Қожаның өзін елестетеміз де, сонан кейін барып өскен орғасын, араласқан оқиғаларын еске түсіре бастаймыз. Бұл жан-жақты толысқан типтің оқырманын мойындату күші болса керек.

Қожа бейнесі қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның еңсесі барған сайын биіктеп Марк Твеннің “Том Сойерімен”, Аркадий Гайдардың “Тимурымен” тайталасып, соларға жетеғабыл жүруінің өзі әдебиетіміз үшін аз бедел емес.

Юморға негізінен тазалық пен туралықтың, игілік пен ізгіліктің қадірін білетін, адамгершілігі, қайырымы мол адамдар бейім болады. Жалпы ел-жұрт, қоғам атаулының қамын ойлайтын қамқорлар ғана ненің дұрыс, ненің теріс екенін тап басып тануға ақыл-парасаты жетегіндер ғана барады. Мұнымен қатар юмор туралықты айтудан тайынбайтын, қорқақтыққа, жасқаншақтыққа бой алдырмайтын, дертті түйреп тастайтын адамдардың құралы. Жалтақтық - юмор атаулының жауы, тегеурінді, белсенділікті, күрескерлікті қажет етеді. Юмор үлкен рухани, идеялық күштіліктің белгісі, келеңсіз көріністерді көре отырып, тепсінбей қалмайтын, онымен ымыраға келмейтін принципшіл әділ адамдардың үлгісі.

Т.Нұрмағамбетовтың “Көзәйнек” (кейінгі аты “Балалық шақтың әндері”) повесінде де сол игі дәстүрді дамыта түскен. Юмор бұл жерде жазушының өзіне тән стилі, шеберлік мәнері, адам басындағы кейбір құбылыстарды суреттеудегі негізгі құралына айналған. Кластағы болып жатқан әс-әрекеттерді суреттей келе, өз оқырманын күлкімен қаруландыра отырып, істің төркіні неге әкеліп соқтырады, соны ойлануын талап етеді. Оқу жылы басталып, күн суыта келе мұғалімнің: “ - Сендерге бола түске дейін бір, түстен кейін бір дірдектеп жүре алмаймын. Ертеңнен бастап бәрің де таңертең келіндер!” [2] деуі, әрине, мұғалімнің қандай адам екенін көрсетеді. Күлкіге әлеуметтік мән бере отырып мұғалім болуға лайықты емес адамның тек мұқтажданған елдегі ауыр жағдайға байланысты, ұстаз болып отырғанын мегзейді.

Сатира, юмор - әлеуметтік категория. Қоғамдық дамудың, өмірлік жағдайлардың өзгеруіне байланысты күлкілі нәрселер де, күлкілілік ұғымы да жаңа сипат алады, соны сапа табады. Қоғам дамуының әр кезеңінде жаңа образдар, тың тақырыптар, өзіндік мәселелер ұсынылады. Соған сәйкес балалар прозасы да өзіндік сипаттармен толығуда. С.Асылбековтың “Тасқара”, М.Байғұтовтың “Нәурызек”, М.Қабанбаевтың “Бақбақ басы толған күн”, Ж.Дәуренбековтың “Күн ұясы”, Қ.Қазиевтің “Иманжапырақ”, “Қашқын”, Қ.Данабаевтың “Гүлдәурені” осындай дүниелердің қатарына жатады.

Кейінгі кездегі балалар прозасында жас кейіпкерлердің толыққанды бейнесін жасау, олардың жан-дүниесін ашуда әзіл-оспақ, қалжың, әжуалардың да атқаратын қызметтері бар. Жазушы Қ.Қазиевтің “Иманжапырақ”, “Олар екеу мен жалғыз”, “Біз абитуриент едік”, “Үркер”, “Қашқын” повестері негізінен сыршылы лирикалық сарында жазылып, кейіпкерлердің жан-дүниесіндегі нәзік иірімдерді тап басып көрсетуімен көптің көңілінен шығуында ақжарқын, зілсіз юмордың да орны ерекше. “Олар екеу мен жалғыздағы” Гүлзат, Тұнық, Қайрат диалогтеріндегі әзіл-қалжың, зілсіз әжуаның орны қандай? Болмаса, “Біз абитуриент едіктегі” Әлдіхан мен Қаржау, Мақпал бейнелері ше? Алғашқы уыз сезімнің оянуы, лүпілдеген жүрек, дірілдей шыққан да сол албырт, тентек сезімнің азабы, махаббаттан туған мәрттік - осының бәрін автор мейлінше дәл, шынайы бейнелейді. Ұлттың рухани саулығы балалардың сау-саламат болып өсуіне ғана емес, олардың халқын туған елін, жерін жақсы көретін ұлтжанды болып қалыптасуына да байланысты. Олай болса, Қ.Қазиевтің жасөспірімдердің өмір - тіршілігін өз туындыларына өзек етуі әбден орынды. Жазушы кісі көңіліне бірден қона кететін ауыл жастарының тартымды бейнесін жасады.

Балалар прозасындағы юмор поэтикасында келемеждің, шенеу мен мұқатудың, мысқыл мен мазақтың алатын орны да ерекше. Балалардың жан-дүниесі мен мінездеріндегі ерекшеліктерді ашуда бұлардың қызметі орасан зор.

Юмор бар жерде ылғи сын бар деуге болмайды. Юмор поэтикасында жазушы жұтқа тиер пәлендей пәле-жаласы жоқ бір алуан оқшау қимылдар мен құбылыстарды жай ғана көңілді күлкіге айналдырып, оқырманның ойын көздеп, бойын сергіту құралы ғана

емес, автордың оқырманға өзі суреттеп таныстырып отырған өмір шындықтарын жинақтау, адам мінезін ашу, әдеби образдарды даралау тәсіліне де айыналады. Сонымен қатар мұндай жағдайда күлкі оқырманға айрықша әдемі әсер етеді, көркем шығармаға өзгеше эмоциялық жылылық әкеледі, жарқын, жайдары шырай береді.

Қазақ балалар әдебиетіндегі юмор поэтикасының тағы бір жарқын көрінісі - оқушы жазған хаттардан, не шығармалардан да айқын аңғарылады. Бұл жағдай әсіресе, Т.Нұрмағамбетовтың “Үшінші кластың жетекшісі” атты повесінде көбірек көзге түскен еді. Кейін Қ.Қазиевтің “Иманжапырағы” мен Қ.Данабаевтың “Шоқтөбе, Шотағай, Балдаурен” повестерінде де байқалды. Қ.Қазиевтің аталған повесінде елуінші жылдардың тұсындағы мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарында жіберілген елеулі кемшіліктер мен небір сорақылықтар оқушы шығармалары арқылы айтылса, Қ.Данабаев повесінде олардың ой-өрісі, таным-тәрбиесі, өскен ортасы байқалады.

Шығармадағы комикалық эффектін көтеру үшін авторлық баяндаудың ролі зор. Авторлық баяндаудағы тілдің уыттылығы, бейнелілігі, өткірлігі жағымды идеалға бағындырылып, келеңсіздікті күлкі еткенде ғана мақсатқа жете алады. Сонда ғана юмор бояулары сан түске боялып ащы сатиралық әжуаға дейін барады. Бұл айтығандар М.Төрежановтың “Оңай деймісің” атты әңгімесінде анық көрінеді.

Балаларға арналған шығармаларында күлкінің ерекше бір түрі - аңғал, шынайы, таза күлкі кездеседі. Ол негізінен балалардың айналага, өмірге көзқарасынан байқалады. Әрине, ол көзқарас өмірлік тәжірибесі бай үлкендердікінен мүлде бөлек, бірақ табиғи жас ерекшеліктеріне сәйкес өмір көргендігімен ерекшеленеді.

Балалар прозасында да кейіпкерлерді типтендіру мен оқиғаларды жинақтауда суреттеу құралдары негізінен үлкендерге арналғанмен бірдей болып келуі мүмкін, тек олар балалардың қабылдауына жақындатылады, оңайлатылады. Мұнда күлкі арқылы балалар әлсімі жасалып, іс-әрекет пен оқиғалар ойын үстінде өтіп жатады.

Бүлдіршіндерге арналған кітаптарда лирикалық юмордың кеңінен тарағанының куәсі болдық. Лирикалық юмор жас оқырмандарын ерекше толғанысқа түсіріп, күлкілі жағдайға ұшыраған геройға көбіне мысқылмен емес, аяушылықпен қарайды. Осыдан келіп оқырмандардың қабылдауының екі түрі кездеседі. Бірі, бүлдіршіннің қабылдауы, оның ерекше көзқарасы. Екіншісі, бала жанын терең түсінетін үлкендердің қабылдауы. Лирикалық юмор-сюжеттің күйтүркі құрылымдарында, күбылысты, заттарды, салыстыру барысында жиі кездеседі. Күлкі бұл жағдайда оқырманды түрлі күйге түсіреді. Оқырман кейде қуаныш, кейде таңқалу, кейде реніш сезімдерін бастан кешеді. Балалар туындыларындағы күлкі мөлшері көбіне балалардың жас мөлшеріне сәйкес алынады.

Жоғарыда аттары аталған туындылардың қай-қайсысы да қазақ балалар прозасында сатира мен юмор поэтикасының, балалар психологиясының, олардың үлкендермен қарым-қатынасын жан-жақты зерттеу тереңдей түскеніне дәлел. Мұның барлығы, түптеп келгенде жалпы әдебиетіміздегі адам баласына рухани-зиялылық тұрғыдан зер

салу, замандастарымыздың этикалық табиғатын әлеуметтік психологиясын зерттеу бағытымен сабақтас.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Борев Ю. О комическом. Искусство. М., 1957. 119
2. Нұрмағамбетов Т. Балалық шақтың әуендері. Алматы, 1995, 5 б.
3. Қазанов М. Армандай алыс жағалау. Жалын, 1998, 199 б.

Резюме

В статье анализируется юмор в детской прозе.